**Азаматтық қызметшілердің**
**бос лауазымдарына орналасуға арналған конкурс туралы**
**ХАБАРЛАНДЫРУ**

**1) конкурс өткізетін ұйымның орналасқан жері, поштылық мекенжайы, телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы көрсетілген атауы:**
Қарағанды облысы білім баскармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі « КММ:
Заңды мекенжайы - Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Долинка кенті, Парковая көшесі, 24Б ғимарат, анықтама телефоны 8(72156) 44096, E-mail: sh_osh_4@mail.ru азаматтық қызметшілердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды

**2) негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары көрсетілген уақытша бос лауазымның атауы:**

1.Бастауыш сынып мұғалімі-2 жүктеме
2.Аға тәлемгер-1 жүктеме
3.Физика мұғалімі-1 жүктеме -2026 жылғы 01 тамызға дейін уақытша бос лауазым
4. Ұйымдастырушы-педагог - 1 жүктеме
5. Педагог-кәсіби бағдар беруші-0,5 жүктеме
6. Мұғалім-дефектолог - 1 жүктеме

**2.1. Функционалдық міндеттері:**
**Мұғалімдер:**
мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру;
оқушының жеке басының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету, оқушылардың жеке қабілеттерін анықтау және дамытуға ықпал ету;
оқушыда мұғалімге құрметпен қарауға тәрбиелеу, іскерлік қарым-қатынас стилін және сөйлеу этикетін ұстаздың аты мен әкесінің аты бойынша сыпайы қарау арқылы сақтауға үйрету;
оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын пайдалану;
пәндер бойынша қысқа мерзімді және орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарлар, бөлімге жиынтық бағалау және тоқсанға жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасау;
бөлім үшін жиынтық бағалау және тоқсан үшін жиынтық бағалау қорытындылары бойынша түсініктемелермен талдау жүргізу;
журналдарды толтыру (электрондық);
оқушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес тұлғалық, жүйелі-белсенділік, пәндік нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;
оқу бағдарламаларын, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысу, оларды оқу жоспары мен оқу процесінің кестесіне сәйкес толық көлемде іске асыруды қамтамасыз ету;
оқушылардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерттеу;
инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау;
ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеу;

интерактивті оқу материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, сабақтарды қашықтықтан ұйымдастыру;

әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастығының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қауымдастықтардың отырыстарына қатысу;

ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысу;

ата-аналарға кеңес беру;

кәсіби құзыреттілікті арттыру;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтау;

білім беру процесі кезеңінде оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;

ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру;

тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтыру;

оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру.

**Функционалдық міндеттері**
**Педагог-ұйымдастырушы:**

білім беру ұйымдары мен тұрғылықты жері бойынша оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, мүдделері мен қажеттіліктерін зерделеу, оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау;

дарындылықты, ақыл-ой және физикалық қабілеттерді дамытуға, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;

клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, балалар бірлестіктерінің жұмысын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметін, оқушылармен жеке жұмысты, пікірталастарды, мектеп Парламентін ұйымдастыру;

ғылыми-техникалық, көркем-шығармашылық, спорттық-туристік және басқа бағыттардың біріне басшылық жасау;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес баланың қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал ету;

кештер, Мерекелер, жорықтар, экскурсиялар, оқушылардың демалысын ұйымдастыру, оқушылардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;

балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру;

іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету.

**Функционалдық міндеттері**
**Педагог-кәсіби бағдар беруші:**

мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру, кәсіптік бағдар беру жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз ету;

оқушылардың мамандығын саналы түрде таңдауға бағытталған қызметті жүзеге асыру;

оқушыларға, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға, педагогикалық ұжымға Мамандық таңдау туралы шешім қабылдауға көмек көрсету;

мүдделерді анықтау бойынша диагностика жүргізу, кәсіптік бағдар беру диагностикасын талдау;

дарынды оқушыларға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, олардың дамуына жәрдемдесу;

кәсіпорындарда экскурсиялар өткізу, әртүрлі мамандықтағы қызықты адамдармен оқушылар үшін кездесулер (әңгімелер) ұйымдастыру;

кәсіби құзыреттілікті арттыру, заманауи әдістер мен технологияларды қолдану;
белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізу;
балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерін сақтау.

**Функционалдық міндеттері**

**Аға тәлемгер:**

білім беру ұйымдары мен тұрғылықты жері бойынша оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, мүдделері мен қажеттіліктерін зерделеу, оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау;

дарындылықты, ақыл-ой және физикалық қабілеттерді дамытуға, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;

клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, балалар бірлестіктерінің жұмысын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметін, оқушылармен жеке жұмысты, пікірталастарды, мектеп Парламентін ұйымдастыру;

ғылыми-техникалық, көркем-шығармашылық, спорттық-туристік және басқа бағыттардың біріне басшылық жасау;

қолданыстағы заңнамаға сәйкес баланың қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал ету;

кештер, Мерекелер, жорықтар, экскурсиялар, оқушылардың демалысын ұйымдастыру, оқушылардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;

балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру;

іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету.

**Функционалдық міндеттері**
**Дефектолог-мұғалімдер:**

үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізу;

мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізу және оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асыру;

Дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларда психофизикалық дамудың бұзылуын еңсеру үшін жеке оқу, Жеке-дамытушылық, түзету-дамытушылық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар)өткізу;

мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру;

басқа педагогтармен және мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, білім берудегі инклюзивтілік қағидатын іске асыруға ықпал ету;

басқа педагогтармен және мамандармен тығыз байланыста мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту және әлеуметтендіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

педагогтерге, адамдардың (балалардың) ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация беру;

жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқытудың әртүрлі нысандарын, білім беру технологияларын, әдістерін, әдістері мен құралдарын пайдалану;

ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық бағалауды жүргізуге қатысу;

жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар)өткізу;

өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыру;

әдістемелік кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің, желілік қауымдастықтардың отырыстарына қатысу;

қоғамның ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға толерантты көзқарасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтау;

оқу-тәрбие процесі кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.

**2.2. Жалақы мөлшері**

| Буын, саты | Еңбек сіңірген жылдарына байланысты | |
|---|---|---|
| | min | max |
| В2-1 | 165289 тг | 191481 тг |
| В2-2 | 155379 тг | 184048 тг |
| В2-3 | 154317 тг | 182633 тг |
| В2-4 | 145115 тг | 167413 тг |
| В3-1 | 146177 тг | 168121 тг |
| В3-2 | 136266 тг | 159626 тг |
| В3-3 | 135205 тг | 159273 тг |
| В3-4 | 124586 тг | 148300 тг |
| В4-1 | 139806 тг | 159980 тг |
| В4-2 | 132019 тг | 155379 тг |
| В4-3 | 129895 тг | 151840 тг |
| В4-4 | 117508 тг | 132019 тг |

**2.3. Еңбекақы төлеу шарттары**

Айлық жалақы мөлшері жыл сайынғы тарифтік тізіммен анықталады.

**3. Біліктілік талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:**

**Мұғалімдер:**

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат

**Педагог-ұйымдастырушы**

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

**Педагог – кәсіби бағдар беруші**

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

**Аға тәлемгер:**

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

**Дефектолог-мұғалім**

«Арнайы білім» бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат;

**4) конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін құжаттарды қабылдау мерзімі:**

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ әлеуметтік желілердің ресми аккаунтында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде (2024 жылғы «13» тамыздан бастап 2024 жылғы «21» тамызды қоса алғанда) ұсынылуы тиіс
https://www.instagram.com/4.jbbm.bilimshahtinsk?igsh=MTFhdnEwNjFkOXE0MQ==

**5) конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі:**

1) педагогтерді лауазымдарға тағайындау қағидаларына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2)жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген-бар болса);

4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5)еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген);

7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының, немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе Celta сертификаты (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) pass a; Delta (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе TOEFL (TOEFL) (интернетке негізделген тест (IWT)) - 60-65 балл;

11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына

педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады.

12) педагог лауазымдарына тағайындау қағидаларына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;

13) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең аз рұқсаты – 720 x 480 болатын өтілі жоқ кандидат үшін бейнепрезентация (өзін-өзі таныстыру).

Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) ұсынады.

**Ескертпе:** осы Қағидалардың 154-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы кандидатқа құжаттарды қайтару үшін негіз болып табылады.

**6). Құжаттарды ұсыну орны, байланыс телефоны және конкурс өткізуді ұйымдастыруға жауапты тұлға:**

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі» КММ. Заңды мекенжайы - Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Долинка кенті, Парковая көшесі, 24Б гимарат, анықтама телефоны 8(72156) 44096,

E-mail: sh_osh_4@mail.ru

*Құжаттарды қабылдауға жауапты тұлға: конкурс комиссиясының хатшысы Прокопьева Людмила Владимировна*